

БҮКІЛ ДУНИЕ ЖҰЗІЛК МЕЙІРБИКЕЛЕР КУНІНЕ АРНАЛҒАН АШЫҚ САБАҚ ...

2015-2016 оқу жылына ЦЭК отырысында
қаралды және макұлданды № ____
« ____ » 2016 ж.

ЦЭК төрайымы
_____ Николаева О.Ю.
Колы аты-жөні

Құрастырған оқытушы ;Атагарова М.У.

АЛМАТЫ-2016 ЖЫЛ .



0302000 «Мейіргер ісі» мамандығы бойынша

Бүкіл дүние жүзілік мейіргерлер күніне арналған практикалық дағдылар бойынша
білім алушылар арасындағы іс шара туралы ереже.

Мақсаты

- Орта арнаиы медициналық білім беру мекемесінің білім алушыларының біліктілігін арттыру, кәсіби білім берудегі мақсаты-өз деңгейі мен саласының бәсекесіне қабілетті, білікті қызметкерлерін даярлау, сол маманның тек өз ісінің шебері ғана емес, қоғамның салауатты, белсенді мұшесі, саналы, саяси көзі ашық азамат, өз құқығын, міндеттін түсінген, өмірде өз біліктілігі мен іскерлігіне көмек сұрап, ауыр халде жатқан науқастарға сапалы көмек көрсететін медицина қызметкерлерін даярлау.

Міндеті

- Мейіrbike ісінің қоғамдағы міндеті адамдарға, жанұяларға және мүгедек жандарға психологиялық қолдау көрсетіп, өмірдегі қыныштықтарына қарамастан пациенттердің қажетті деңгейде алдын алуын талап етеді.
- Болашақ медицина қызметкеріне өздерінің міндеттеріне жауаппен қарауына, өз жұмысына, болашақ мамандығына деген сезімді көтеруге тәрбиелеу.
- Білім алушылардың жеке белсенділігінің артуына тәрбиелеу, алдын ала болжай білу қабілетін жетілдіруге игі әсер жасау, өзекті мәселелерді дер кезінде қойып, оны дүрыс шешуге тәрбиелеу.
- Пациенттің деңсаулығына жауапкершілікпен, түсінік пен ілтиратты қарым-қатынасты құруды тәрбиелеу;
- «Мейіrbike ісі» мамандығы бойынша тұлектордердің практикалық тәжірибесін бағалау;
- Тұлектордердің теориялық даярлық деңгейін, олардың жалпы білімдерін, халықта медициналық көмек көрсету бойынша кәсіби деңгейін анықтау;
- өз міндеттерін орындауда адал көңіл бөлуге тәрбиелеу;

Қазіргі «Мейіrbike ісі негіздері» пәні бойынша мейіrbikelіk технологиялар стандарттарының жиынтығы «Мейіrbike ісі» мамандығы бойынша медициналық колледждердің білім алушыларына, практикада жұмыс жасайтын мейіrbikelерге тағайындалған және 2010ж. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес құрастылған және осы стандарт бойынша білім алушылармен практикалық жұмысты сапалы орындалуы қажет етеді.

Қазіргі мейіrbike өз бетінше мейіrbikelіk шешім қабылданап, жоспарлап, медбикелік диагноз қоятын, нақты медбикелік күтім көрсететін, жаңа технологияларды

мендерген ,сондай ақ науқастың еміне байланысты медбикелік ой пікірін толық білдіре алатын ,дәрігердің тең күкілі серіктесі.

Жалпы ереже

1.«Мейірбике ісі» мамандығы бойынша «Медицина колледжінің «ұздік мейіргер» кісіби шеберлік конкурсы мейіргер ісі маманының тұлғалық және кәсіби дайындығы мен білім сапасын арттыруға бағытталған іс шаралардың бірі болып табылады.

2.Іс шара медицина колледждері тұлектерінің кәсіби дайындығының сапасын және деңгейін көтеруге мүмкіндік береді.

3.Іс шара өткізу барысында білім берудің әдіс тәсілдерін бұдан әрі жетілдіруді ,білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуды,медицинадық қызметінің заманға сай және Мемелекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес өзіндік пікірі бар және рационалды ойлайтын , халыққа медициналық көмек көрсетуде адамгершілік және күкірткың жауапкершілікті қалыптастыруды қамтамасыз етеді .

Іс шараның өткізілу шарты

1. «Мейірбике ісі» мамандығы бойынша медицина колледждерінің тұлектері қатысады,

2. Колледждік комиссия үш адам санынан кем болмауы қажет,сонымен бірге олар денсаулық сақтау басқармасы,практикалық денсаулық сақтау, өкілдерінен құрылуды қажет.

3. Комиссияға іс шараға өткізуді ұйымдастыру және шешім қабылдау үшін жауапкершілік жүктеледі.

Практикалық дағдылардың орындалуын бағалау.

Фантомда немесе тренажерларда практикалық дағдылар көрсетіледі .

Білім алушылар тәжірибелік дағдыларды орындауда мыналарды көрсетуі тиіс;

а) жұқпалы қауіпсіздікті сақтау

б)МЖМБ стандартының дағдыларына технологиялық сәйкестік алгоритміне сәйкестігін

Ашық сабакқа қатысқандар .

**1. «АЯЖАН» БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕСІНІҢ
ДИРЕКТОРЫ.**

ҚҰРЫМБАЕВА К.К.

**2. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары .
СЕМБАЕВА Б. Е.**

3. Методикалық әдіскер.

БЕГИМОВА Б.Ж.

**4. Директордың практика ісі жөніндегі
орынбасары .**

Лайкова С.Ж.

**.5.Мейірбике ісінің бөлім менгерушісі .
Тогызбаева Г.О.**

**6. №10 Орталық қалалық емхананың мейірбике
жөніндегі Бас дәрігердің орынбасары .**

Кожаканова Г.С

**7. «АЯЖАН» КОЛЛЕДЖІНІҢ БІЛІМ
АЛУШЫЛАРЫ**



**Бүкіл дүнниң жүзілік мейірбикелер
құніне арналған іс-шараның
бағдарламасы**

19.05.2016 жыл

Алматы қ.

Алматы қаласы, Тел.: +7 (727) 232 22 74
e-mail: info@medayazhan.kz

Күрметті ... Қатысушылар

15⁰⁰ – 11²⁵ СД-201 Д Көк тамырга бір рет қолданатын жүйені орындау іс әрекетін көрсету .Анафилактикалық шок .(себебі ,асқынуы ,көмек

15²⁵ – 15⁴⁵ СД-202 Тазарту клизмасын орындау
(алгоритм стандарт

15⁴⁵ – 16.00СД -203 Катетер Фолеяны әйел адамға енгізу іс әрекетін көрсету .(алгоритм стандарт

16⁰⁰ – 16¹⁵ Пікір алмасу. Сұрак жауап.
Іс шараның жабылуы

14⁰⁰ Иш шараның ашылуы рәсімі.
Мейірбике туралы бейне көрініс .

14¹⁰ – 11²⁵ СД-201 Д-Тері ішіне инъекцияны орындау іс әрекетін көрсету .

14²⁵ – 14⁴⁰ СД-207 Тері астына инъекцияны орындау іс әрекетін көрсету .

14⁴⁰ – 15⁰⁰ СД-203 Д Бұлышқ өтке инъекцияны орындау іс әрекетін көрсету .

Тері ішіне инъекцияны орындау іс әрекеті
СД-201 «Д»





Бұлшық етке инъекцияны орындау іс әрекеті
СД-203 «Д»






Көк тамырға инъекцияны орындау іс әрекеті

СД-201 «Д»







АДАМДЫ КАЛАЛЫК ФЕСТИВАЛЬІ

Процедура

Шаг 1

- Оценка (экзамен)
- РЦРЗ (ул. Утепова, 19а)

• Подача заявки на сертификат /
свидетельство

Шаг 2

- KKMFD (egov.kz или ПОН)



ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚҚА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК ӘЗІРЛЕМЕ

Пәні: «Медбике ісі негіздері»

Тақырыбы: «Клизмалар. Жел шығаратын тұтікті қою»

Мамандығы: 0302000 «Медбике ісі»

Біліктілігі: 0302011 «Жалпы практикадағы мейірбике»

Семестр V

Курс III

«Медбике ісі»

циклдік әдістемелік комиссия

отырысында қаралған

хаттама №.....

«.....» 2016ж.

ЦЭК төрайымы

Құрастырған оқытушы:Атагарова М.У.

Практикалық сабакты өткізу уақыты –270минут

Откізілетін орны: мейірбикелік технологиялар бөлмесі.

Сабактың құрал-жабдықтары:

Әдістемелік материалдар: оқу-әдістемелік кешені (жұмыс оқу бағдарламасынан көшірме, ресурстар тізімі, мейірбикелік технологиялық стандарттар, бақылау сұрақтары, тестілік түрдегі тапсырмалар).

Ресурстар тізіміне сәйкес оқу-көрнекі құралдар.

Техникалық оқыту әдісі: бейнефильм «Науқастарға мейірбикелік күтім көрсету».

Құрылым-логикалық үлгісі және уақыт тәртібі

Сабактың барысы

	Сабактың барысы	уақыты
1	Ұйымдастырушылық кезең –	5мин
2	Білімнің терендігін бақылау – 15 минут.	15 мин
3	Тәжірибелік жұмыстардың орындалу әдістерін көрсетіп, түсіндіріп беру	45 мин
4	Өздігімен жұмыс жүргізу әдістерін үйрету	10 мин
5	Өз бетімен жұмыс істеу	180 мин
	1.«шағынтоп»тренажерді пайдалана отырып жыныс мүшелерін тазарту.	45 мин
	2 .«шағын топ»кружка Эсмарханы дайындау	45 мин
	3 .«шағын топ»тренажерге тазалау клизманы орындау	45 мин
	4.«шағын топ»жел шығаратын түтікшені енгізу іс әрекетін орындау	45 мин
6	Сабакты қорытындылау	10 мин
7	Үйге тапсырма беру	5 мин
8	Барлығы -270	

77.Ұйымдастырушылық кезең – 5 минут

Оқытушы кабинеттің және білім алушылардың сабакта дайындығын, медициналық халаттары мен қалпақтарын барлығын тексереді. Журналға сабакта жоқ білім алушыларды белгілейді. Білім алушыларға сабактың мақсатары мен жоспарларын таныстырады. Болашақ мейірбикелерге осы оқытын тақырыптың маңызды екендігін ескеrtіp олардың назарын аударады.

78.Білімнің терендігін бақылау – 15 минут

Оқытушы білім алушыларға сұрастыру жүргізеді:

- бақылау сұрақтарымен (қосымша тіркелген);

- тестілермен (қосымша тіркелген).

79. Тәжірибелік жұмыстардың орындалу әдістерін көрсетіп, түсіндіріп беру – 45 минут

Оқытушы білім алушыларға тақырыпты түсіндіреді және көрсетеді:

- «клизма» анықтамасын, клизманың мақсаты мен түрлерін меңгеруді;
- тазарту, сифон, тұзды, майлы, дәрілік клизмаларын қоюды;
- іш қату, іш өту болған науқастарға күтім жүргізуі және көмек көрсетуді;
- пайдаланған күтім заттарын заарсыздандыруды;
- ас қорыту мүшелерінің ауруымен ауыратын науқастарға күтімді орындағанда этика және деонтология принциптерін сақтауды;

80. Өздігімен жұмыс жүргізу әдістеріне үйрету – 10 минут.

Оқытушы:

- білім алушыларға жұмыс орнын, күтім заттарын және медициналық құралдарды даярлау, қауіпсіздік техникасын сақтау ережелерін түсіндіреді;
- әрбір білім алушының менгеретін тапсырма тізімдерімен таныстырады;
- манипуляцияны орындау іс-әрекеттері бойынша әрбір білім алушыларды стандарттармен қамтамасыз етеді (V тараудың З бөлімін қараңыз);
- әрбір білім алушыға берілген практикалық стандартқа сәйкес, барлық практикалық дағдыларды автоматтандыруға дейін жұмыс істеуге білім алушының көңілін аударады;
- орындалатын жұмысқа олардың байсалды көз қараспен қарауын талап етеді;
- күнделікпен жұмыс істеуге кепілдеме береді;
- білім алушыларға өз бетімен орындаітын жұмыс істеу уақытын және көлемін мәлімдейді.

81. Өз бетімен жұмыс істеу – 180 минут

Оқытушының жетекшілігімен білім алушылар аз топтарға бөлініп келесі тапсырмаларды орындаиды:

- стандарт бойынша практикалық дағдыларды автоматтандыруға дейін бірнеші рет қайталап, дәлме-дәл, істін реттілігін есептей отырып істейді.

Оқытушы:

- білім алушылардың жұмысын бақылайды, өз уақытымен қателіктерін жояды;
- білім алушының жіберген қателерін дұрыстап, оларды дұрыс әдіске үйретіп, оқу процесін басқарып отырады;
- манипуляцияның орындалу дұрыстығын бақылат, нашар білім алушыны жеке үйретіп, әрбір білім алушының дағдыларды дұрыс орындауына жеткізеді;

Берілген тақырып бойынша білімін бақылау:

- әрбір білім алушыдан манипуляцияны көрсету жұмысын жеке қабылдайды;
- ауызша сұрастыру – бақылау сұрақтары (қосымша тіркелген);
- тестілер (қосымша тіркелген).

1. «шағын топ»тренажерді пайдалана отырып жыныс мүшелерін тазарту(асқынуларын алдын алу)

2. «шағын топ» кружка Эсмарханы дайындау алгоритм стандарт бойынша

3. «шағын топ» тазалау клизманы орындау алгоритм стандарт бойынша(асқынулардын алдын алу ,ескерту)

4. «шағын топ»жел шығаратын түтікшені орындау алгоритм стандарт бойынша(асқынуларын алдын алу)

82. Сабакты қорытындылау – 10 минут

- сабакқа талдау жүргізді;
- әрбір білім алушының жетістіктері мен көрсете алмаған іс-әрекеттерін белгілей отыра баға қояды;
- тақырып бойынша, материалды түсінгенін анықтап, білім алушылардың сұрақтарына жауап береді;
- білім алушыларға істеген жұмысын түсіндіре отырып, баға қояды;
- тақырып бойынша дағдыларды игерудің қорытындысын айтады;
- білім алушылардың күнделіктерін толтыруын тексереді;
- қорытынды баға қояды.

83. Үйге тапсырма беру – 5 минут

Оқытушы келесі практикалық сабактың тақырыбымен білім алушыларды таныстырады және сабакты дайындау бойынша нұсқау береді.

КОЛДЫ ГИГИЕНАЛЫҚ ДЕНГЕЙДЕ ТАЗАРТУ

Мақсаты: транзиторлық микрофлораны кетіру немесе жою. Науқастың және медициналық қызметкерлердің жүкпалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Қолдану көрсетілімдері: инвазивті емшараларды орындар алдында және орындаған соң, қолғаптарды киу алдында және шешкеннен соң, организмнің биологиялық сұйықтықтарымен жанасқаннан соң және мүмкін болатын микробтық ластанудан кейін, иммунитеті төмендеген науқасқа күтім жүргізер алдында.

Дайындаңыз: бір рет қолдануға арналған мөлшерлегіштегі сұйық сабынды, 70% этил спиртін, секундік тілі бар сағатты, жылы ағынды суды, қағаз сұлгіні, қауіпсіз жоюға арналған контейнерді.

Іс-әрекет алгоритмі:

17. Қолдың саусақтарынан сақинаны, жүзік, сағатты және тағы да басқа әшекей-бұйымдарды шешіңіз.

18. Қол терісінің бүтіндігін тексеріңіз.

19. Халаттың жендерін білектің 2/3 бөлігіне дейін қайырып ораңыз.

20. Қағаз салфеткалар көмегімен су шүмелін ашып, судың температурасын 35-40⁰C реттеңіз. Ол шүмекте орналасқан микроорганизмдермен қолдың жанасуын қорғайды.

21. Жылы судың жайлы орташа ағымы астында қолды білектің 2/3 бөлігіне дейін жігерлі сабындаң, келесі ізбе-ізділікпен жуыңыз:

- алақанды алақанмен;
- сол қолдың сыртқы жақ бетін он алақанымен және керісінше;

- алақанды алақанмен, бір қолдың саусактары екінші қолдың саусактары арасында;
- он қолдың саусактарының сыртқы беті сол қолдың алақаны бойынша және керісінше;
- үлкен саусактарды айналмалы қозғалыспен үйкеленіз;
- сол қолдың саусактарының ұшын бірге жинастырып, он алақанға айналмалы қозғалыспен және керісінше.

Әрбір іс-қимыл 5 реттен кем емес 10 секунд бойы қайталанады.

22. Қолыңызды ағынды жылы судың астында сабын толық кеткенше шайыңыз. Қолыңызды шынтақ деңгейінен жоғары ұстаңыз (осы қалыпта су таза зонадан ласқа қарай агады).
23. Шұмекті қолыңыздың он немесе сол шынтағымен жабыңыз.
24. Қолыңызды қағаз сұлгімен құргатыңыз. Егерде шынтақ краны болмаса, онда кранды қағаз сұлгі көмегімен жабыңыз.

Ескерту:

- қолды гигиеналық деңгейде жууға қажетті жағдай болмағанда, оларды антисептик көмегімен тазартуга болады;
- құрғақ қолдарға 3-5 мл антисептикалық затты жағып және оны қол терісіне кеүіп кеткенше ысқылаңыз. Қолды тазартканнан кейін сұртудің қажеті жоқ! Сонымен қатар әсер ету уақытын сақтау маңызды – қолдар антисептиктен 15 секундтан кем емес уақыт ылғалды болып тұруы керек;
- тері бетін тазартқанда «тазадан ласқа» принципі сақталады;
- жуылған қолды басқа заттарға тигізуге болмайды.

ҚОЛДЫ АНТИСЕПТИКПЕН ТАЗАРТУ

Мақсаты: транзиторлық микрофлораны кетіру немесе жою. Науқасқа және медициналық қызметкерлерге жұқпалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

Колдану көрсетілімдері: инъекция, операция катетерлеу жасар алдында.


Қарсы көрсетілімдері: қолда және денеде іріндердің, теріде сызаттан және жарақа ттың, тері ауруларының болуы.

Дайындаңыз: 70% этил спиртін және т.б. антисептикерді залалсыздандырылған мақта шариктерін, қауіпсіз жоюға арналған контейнерді.

Іс-әрекет алгоритмі:

4. Қолыңызға гигиеналық деңгейде тазарту жүргізіңіз (стандартты қара).
5. Қолыңызды спиртпен ылғалдандырылған мақта шариктерімен тазартыңыз: тырнақ ұясын, тырнақ жанындагы валикті айналмалы қозғалыспен, саусактардың ішкі беттерін жоғарыдан төмен қарай қымылмен, сосын қолдың алақан бөлігін.
6. Қолданылған мақта шариктерін қауіпсіз жоюға арналған контейнерге салыңыз.

► Қолды гигиеналық тәсілмен өндөу



ЗАЛАЛСЫЗДАНДЫРЫЛГАН ҚОЛҒАПТЫ КИЮ

Мақсаты: науқастың және медициналық қызметкердің жұқпалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету.


- Науқастармен немесе олардың бөліністерімен жанасқанда қолғап кәсіптік жұқтырудың қауіп-қатерін төмендедеді.
- Қолғап транзиторлы қоздырғыштармен қызметкерлердің қолының ластану қауіп-қатерін және кейіннен олардың науқастарға тараптуын төмендедеді.
- Қолғап медицина қызметкерлерінің қолының резиденттік флорасының бір бөлігі болып табылатын микробтарды науқастарға жұқтыру қауіп-қатерін төмендедеді.

Қолдану көрсетілімдері: инвазивтік емшараларды орындағанда, кез келген биологиялық сүйектіктармен жанасқанда, науқастың және медициналық қызметкерлердің терісінің бүтіндігі бұзылғанда, эндоскопиялық зерттеулер және манипуляциялар кезінде, клинико-диагностикалық, бактериологиялық зертханаларда науқастардан алынған материалдармен жұмыс істегенде, инъекциялар жасағанда, науқасты күтінде.

Дайынданыз: залалсыздандырылған ораудағы қолғапты, қауіпсіз жоюға арналған контейнерді.

Ic-әрекет алгоритмі:

21. Гигиеналық деңгейде қолыңызды тазартып, антисептикпен қолыңызды өндөңіз.
22. Залалсыздандырылған қаптамадағы қолғапты алып, бұктеуін жазыңыз.
23. Оң қолға арналған қолғаптың қайырмасын сол қолмен алыңыз. Саусақтарыңыз қолғаптың қайырмасының ішкі бетіне тимеуі керек.
24. Оң қолдың саусақтарын сыйылыштырып, қолғапқа енгізіңіз.
25. Оң қолдың саусақтарын ажыратып, қолғаптың қайырмасын бұзбай қолға қолғапты киіңіз.
26. Оң қолдың 2-ші, 3-ші, 4-ші саусақтарын сол қолғаптың қайырмасы астына кіргізіңіз, киілген қолғапта оң қолдың 1-ші саусағы, сол жақ қолғаптың 1-ші саусағы жағына бағытталған болуы керек.



27. Оң қолдың 2-ші, 3-ші, 4-ші саусақтарымен сол жақ қолғапты тік ұстаңыз.
28. Сол қолдың саусақтарын сығылыстырып, қолғапқа енгізіңіз.
29. Сол қолдың саусақтарын ажыратып, қолғаптың қайырмасын бұзбай қолға қолғапты киіңіз.
30. Сол қолғаптың қайырмасын жазыңыз, оны женге қарай тартып, сосын оң жаққа 2-ші және 3-ші саусақтар көмегімен қолғаптың бүтілген шетінің астына қарай тартыңыз.

Ескерту: егер бір қолғаптың бүтіндігі бұзылса, онда екі қолғапты да ауыстыру қажет, өйткені бір қолғапты екінші қолғапты ластамай шешу мүмкін емес.

ҚОЛҒАПТЫ ШЕШУ

Iс-әрекет алгоритмі:

1. Оң қолдың саусақтарымен сол қолғапқа, оның тек сыртқы жағына ғана жанаса, отырып қайырма жасаңыз.
2. Сол қолдың саусақтарымен оң қолғапқа, оның тек сыртқы жағына ғана жанаса, отырып қайырма жасаңыз.
3. Сол қолдағы қолғапты, оны теріс айналдыра отырып, шешіңіз.
4. Сол қолдан шешікен қолғапты оң қолмен қайырмасынан ұстаңыз.
5. Сол қолмен оң қолдың қолғабын қайырмасының ішкі жағынан ұстаңыз.
6. Оң қолдағы қолғапты, оны теріс айналдыра отырып, шешіңіз.
7. Екі қолғапты да (сол қолғап оң қолғаптың ішінде болуы керек) қауіпсіз жоюға арналған контейнерге салыңыз.

Ескерту: бір рет колданылатын қолғап заарсыздандырудан кейін жойылады, ал көп рет колданылатын қолғаптар медицинада колданылатын бұымдардан өндөледі.

ДӘРІЛІК КЛИЗМАНЫ ҚОЮ

Мақсаты: емдік: жуан ішекте орналаскан (жергілікті әсері) қабыну процесінде немесе ағзага толығымен әсер ету (жалпы әсері) мақсатымен, басқа да әдістерімен дәрілерді енгізуге мүмкіншілігі болмаса тік ішек арқылы дәрілік затты енгізу.

Қолдану көрсетілімдері: тік ішекке жергілікті әсер етуге (қантышқақ, бейспецификалық ойық жаралы колит), жалпы әсерін тигізу үшін құрысып-тырысуда, қозуда, дәрілік затты тік ішекке енгізу.

Қарсы көрсетілімдері: ақазан немесе ішектен қан кетуде, жуан ішек және анус аймагындағы жедел қабыну немесе ойық жара процесінде. Тік ішектің қатерлі ісігінде, ас-корыту жүйесіне операция жасағаннан кейінгі бірінш күндерде, анус аймағының сыватында немесе тік ішектің түсінде, қанаған геморройда.

Дайынданыз: залалсыздандырылған: 50-100 мл дәрілік ерітіндін, алмұрт тәрізді баллоншаны немесе Жане шприцін, жел шыгаратын тұтікті, вазелинді, клеенканы, халатты, ал жапқышты, су термометрін, шпательді, қолгапты, жаялықты, заарсыздандыру ерітіндісі бар ыдысты, қауіпсіз жоюға арналған контейнерді.

Ic-әрекет алгоритмі:

1. Науқасқа емшара барысы мен мақсатын түсіндіріңіз, оның келісімін алыңыз.
2. Гигиеналық деңгейде қолды тазартыңыз, қолғапты, халатты, ал жапқышты киіңіз.
3. Күшеткага клеенканы, үстінен жаялықты төсөңіз. Науқасты кермемен қоршаңыз.
4. Дәрілік клизма кояр алдында 20-30 минут бұрын тазарту клизмасын жасаңыз.
5. «Су» моншасында 38⁰C дейін жылтырылған 50-100 мл дәрілік ерітіндін алмұрт тәрізді баллоншага немесе Жане шприцине сорып алыңыз.
6. Жел шыгаратын тұтіктің санлаусыз домалақ үшіна 20-30 см ұзындығына вазелин майып жағыңыз.
7. Науқасты сол жақ қырына жатқызып, оң аяғы тізе буынан бұғілуі кішкене ішіне қарай келтірулі болуы керек.
8. Сол қолдың I және II саусақтарымен бөксені ажыратып, ал оң қолмен жел шыгаратын тұтіктің домалақ үшін абайлап жеңіл айналмалы қозғалыспен анал тесігіне енгізіп, оны тік ішекке қарай жылжытып, ең алғаш 3-4 см кіндік бағытына қарай, сосын омыртқа жотасына қатарластыра отырып 20-30 см тереңдікке енгізіңіз.
9. Алмұрт тәрізді баллоншадан немесе Жане шприцинен алдын-ала ауаны шығарып, жел шыгаратын тұтікке жалғастырып, дәрілік ерітіндіні жаймен жел шыгаратын тұтікке аз мөлшерде кішкене қысыммен енгізіңіз.
10. Жел шыгаратын тұтіктің сыртқы үшіна қыскышты салыңыз немесе оны қолмен қысыңыз.
11. Алмұрт тәрізді баллоншаны жазылдырмай немесе Жане шприцин жел шыгаратын тұтіктен шығарыңыз.
12. Тұтіктен дәрілік ерітіндін шыгару үшін, бір мезетте сол қолмен тұтікті сыйпалап қысып , оң қолымен жел шыгаратын тұтікті шығарыңыз.
13. Жел шыгаратын тұтікті заарсыздандыру ерітіндісі бар ыдысқа салыңыз.
14. Анал тесігі айналасын тазартыңыз.
15. Науқасты ескеptтіңіз: дәрілік клизма жасағаннан кейін, ол тосекте 1 сағаттай арқасымен немесе сол жақ қырымен жатуы қажет.
16. Халатты, ал жапқышты, қолғапты шешіңіз. Салфеткаларды және қолғапты қауіпсіз жоюға арналған контейнерге салыңыз.
17. Қолыңызды жуып, құрғатыңыз.

Ескеptту: емшара алдында науқас қуығын босатуы керек.

ТҮЗДҮ (ГИПЕРТОНИЯЛЫҚ) КЛИЗМАНЫ КОЮ

Мақсаты: ішектің созылып, керіліп, жиырылуын күшету және мол сұйықтықтың ішек тесігіне жиналу арқылы жуан ішектің төменгі бөлігін нәжістен және желден босату.

Колдану көрсетілімдері: операциядан кейінгі кезеңде, атониялық іш қатуда, жуан ішектің шырышты қабығының қабыну процесінде, әр түрлі ішек ісінүінде.

Карсы көрсетілімдері: жуан ішектің төменгі бөлігіндегі қабыну, ойық жара процесінде, анус аймағының сыватында, асқазан-ішектен қан кеткенде, қанаған геморройда.

Дайындаңыз: залалсыздандырылған: түзды ерітіндін (10% натрий хлорид 100-200 мл), алмұрт тәрізді баллоншаны немесе Жане шприцін, жел шығаратын тұтікті, лотокті, қысқышты, салфеткаларды, клеенканы, шпательді, қолғапты, жаялышты, вазелин майын, заарсыздандыру ерітіндісі бар ыдысты, контейнерді.

Іс-әрекет алгоритмі:

1. Наукаска емшара барысы мен мақсатын түсіндіріңіз, оның келісімін алыңыз.
2. Күшетка үстіне клеенканы салып, оның үстінен жаялышты төсөніз, науқасты кермемен қоршаңыз.
3. Гигиеналық деңгейде қолды тазартыңыз. Қолғапты киіңіз.
4. «Су» моншасында 38⁰C дейін жылтырылған 50-100 мл түзды ерітіндіні алмұрт тәрізді баллоншага немесе Жане шприцине сорып алыңыз.
5. Жел шығаратын тұтіктің саңылаусыз ұшына вазелин майын 20-30 см ұзындығына жағыңыз.
6. Науқасты сол жақ қырымен жатқызып, оның оң аяғын тізе буынынан бугілулі кішкене ішіне қарай келтірүлі болуы керек.
7. Сол қолдың I және II саусақтарымен бөксені ажыратып, ал оң қолмен абайлап жеңіл айналмалы қозғалыспен жел шығаратын тұтікті анус тесігіне енгізіп, оны тік ішекке қарай жылжытып, ең алғаш 3-4 см кіндік бағытына қарай, сосын омыртқа жотасына қатарластыра отырып 20-30 см терендікке енгізіңіз.
8. Алмұрт тәрізді баллоншадан немесе Жане шприцинен алдын ала ауаны шығарып, жел шығаратын тұтіктің сыртқы ұшына жалғастырып, жаймен түзды ерітіндіні енгізіңіз.
9. Жел шығаратын тұтіктің сыртқы ұшына қысқышты салыңыз немесе оны қолмен қысыңыз.
10. Алмұрт тәрізді баллоншаны жазылдырмай немесе Жане шприцин жел шығаратын тұтіктен шығарып алыңыз.
11. Тұтіктен дәрілік ерітіндін шыгару үшін, бір мезетте сол қолмен тұтікті сыйпалап қысып оң колыңызбен жел шығаратын тұтікті шығарыңыз.
12. Аналь тесігі аймағын тазартыңыз.
13. Науқасты арқасына бұрылып жатуын сұраңыз. Науқастың қал жағдайын сұраңыз.
14. Ұштыкты, жел шығаратын тұтікті заарсыздандыру ерітіндісі бар ыдысқа салыңыз.
15. Қолғапты шешіңіз.
16. Қолғапты, салфеткаларды қауіпсіз жоюға арналған контейнерге салыңыз.
17. Қолыңызды, жуып кептіріңіз.

ЖЕЛ ШЫГАРАТЫН ТҮТІКТІ ҚОЮ

Мақсаты: ішектегі желді (газды) шыгару.

Қолдану корсетілімдері: іш кебу, ішек атониясы, жібіту клизмасын қойғанда.

Қарсы көрсетілімдері: ішектен қан кеткенде, тік ішектің түсуінде, жуан ішек және анус тесігі аймағының жедел қабыну немесе ойық жара ұдерісінде, тік ішектің қатерлі ісігінде, қанаған геморройда.

Дайынданыз: залалсыздандырылған: жел шыгаратын түтікті, лотокты, шпательді, қолғапты, вазелинді, клеенканы, жаялышты, халатты, алжапқышты, судноны сумен, салфеткаларды, әжетхана қағазын, кермені, заарсыздандыру ертіндісі бар ыдысты, қауіпсіз жоюга арналған контейнерді.

Ic-әрекет алгоритмі:

1. Науқаска емшара барысы меп мақсатын түсіндіріңіз.
2. Науқасты кермемен коршаңыз (егерде емшара палатада орындалса).
3. Науқастың қасына отырғыштың үстіне судноны қойыңыз (судно ішіне аз мөлшерде су күйіншіз). Науқастың бөксе астына клеенканы салып, оның үстінен жаялышты төсөңіз.
4. Науқасты сол жақ қырына немесе шалқасынан жатқызып, оның аяқтары тізесінен бүгілуі керек.
5. Қолыңызды гигиеналық деңгейде тазартыңыз, қолғапты киіңіз.
6. Жел шыгаратын түтіктің домалак ұшына 20-30 см ұзындығына вазелинді жағыншыз.
7. Түтіктің ортасын бүгіп (бүктеп), оның бос ұшын оң қолдың IV және V саусақтарымен кысып, ал домалак ұшын жазатын қаламұштай ұстаңыз.
8. Сол қолдың I және II саусақтарымен бөксені ажыратып, ал оң қолмен абайлан жеңіл айналмалы қозгалыспен жел шыгаратын түтікті анус тесігіне енгізіңіз, оны тік ішекке қарай жылжытып ең алғаш 3-4 см кіндік бағыты бойынша, сосын омыртқа жотасына қатарластыра отырып 20-30 см терендікке енгізіңіз.
9. Науқасты шалқасына бұрыңыз немесе сол жағдайда қалдырыңыз.
10. Жел шыгаратын түтіктің бос ұшын су құйған судноға немесе лотокқа салыңыз.
11. Жел шыққанда (су көпіршіктің шығуы бойынша) көзіңізді жеткізіңіз, сұы бар судноны немесе лотокты алыңыз, ал жел шыгаратып түтіктің сыртқы ұшын жаялышқа конверт түрінде ораңыз.
12. Науқастың қал жағдайын әрбір 20-30 минут сайып бағалаңыз.
13. Науқастың үстін жауып, ішекте түтікті жел толық шыққанша 1 сағатқа қалдырыңыз.
14. Абайлан айналмалы қозгалыспен түтікті шыгарып алып, анус тесігі айналасын салфеткамен немесе әжетхана қағазымен тазартып, вазелин майы жағылған салфетканы бөксе аралығына салыңыз.
15. Жел шыгаратын түтікті заарсыздандыру ертіндісіне салыңыз.
16. Қолғапты шешіңіз. Салфеткаларды, қолғапты қауіпсіз жоюга арналған контейнерге салыңыз.
17. Қолыңызды жуып, құргатыңыз.

Ескерту: егерде ішектен жел толық шықпаса, емшараны 2-3 сағаттан кейін қайталаңыз, бірақта тәулігіне 2-3 реттен кем емес.

МАЙЛЫ КЛИЗМАНЫ ҚОЮ

Максаты: емдік: ішек бұлышық еттерін босансытуға, нәжісті сүйілтү, түйілуді азайту және қалыпты ішектің жиырылып кеңеюін қалпына келтіру.

Колдану корсетілімдері: тазарту клизмасының әсері болмауы, спастикалық іш қату, ұзак іш қату, жуан ішектің қабыну аурулары, операциядан кейінгі кезең, босанғаннан кейін.

Карсы корсетілімдері: асказан немесе ішектен қан кету, тік ішектің қатерлі есқіндігі, анал тесігі аймагындағы сыват немесе тік ішектің түсуі, қансыраған геморрой.

Дайындаңыз: залалсыздандырылған: жел шығаратын тұтікті, лотокті, Жане шприцін немесе алмұрт тәрізді баллоншаны, шпательді, қолгапты, салфеткаларды, клеенканы, жаялышты, вазелин майын, 100-200 мл мөлшердегі майлы ертіндіні, заарсыздандыру ертіндісі бар ыдысты, кауіпсіз жоюға арналған контейнерді.

Іс-әрекет алгоритмі:

1. Науқаска емшара барысы мен мақсатын түсіндіріп, оның келісімін алыңыз.
2. Күшеткага клеенканы, оның үстінен жаялышты төсөңіз. Науқасты керменем қоршаңыз.
3. Науқасты сол жақ қырына жатқызып, он аяғын тізе буынынан бүтіп, ішіне қарай келтірілуі керек.
4. Гигиеналық деңгейде қолыңызды тазартыңыз, қолгапты киініз.
5. «Су» моншасында $t = 38^{\circ}\text{C}$ дейін жылтырылған 50-100 мл майлы ертіндіні алмұрт тәрізді баллоншага немесе Жане шприцине сорып алыңыз.
6. Жел шығаратын тұтіктің санлаусыз домалак, бітесу үшіна 20-30 см ұзындыққа вазелин майын жағыныз.
7. Сол қолдың I және II саусақтарымен бөкселерді ажыратып, ал он қолымен жел шығаратын тұтікті абайласпен анал тесігіне тік ішекке қарай жылжытып енгізіп, ең алғаш кіндік бағытына қарай 3-4 см, сосын омыртқа жотасына қатарластыра отырып 20-30 см терендікке енгізіңіз.
8. Майлы ертіндіні алмұрт тәрізді баллоншага немесе Жане шприцине сорып алып, енгізер алдында оның ауасын шығарып, жел шығаратын тұтіктің бос үшіна жалғастырып, ақырын тік ішекке енгізіңіз.
9. Жел шығаратын тұтіктің сыртқы үшіна қысқышты салыңыз немесе қолмен қысыңыз.
10. Жел шығаратын тұтіктен алмұрт тәрізді баллоншаны жазылдырмай немесе Жане шприцинен шығарып алыңыз.
11. Жане шприцине немесе алмұрт тәрізді баллоншага ауа сорып алып, қайтадан оны жел шығаратын тұтікке жалғастырып, тұтікте қалған майлы ертіндіні тік ішекке қарай ұрлеп (итеріп) жіберіңіз.
12. Жел шығаратын тұтікті шығарып алып және алмұрт тәрізді баллоншанын ұштығын заарсыздандыру ертіндісіне салыңыз.
13. Анал тесік аймағының терісін салфеткамен сүртіңіз.
14. Науқасқа ынгайлы жағдай жасап және терең демалуын сұраңыз. 10-12 сағат ішінде деңе жағдайын өзгертуін сұраңыз.
15. Қолгапты шешіп, қолыңызды жуыңыз.

Ескерту:

- емшара жасар алдында науқас қуығын босатуы қажет;
- майлы клизманы емдік мақсатпен жасағанда алмұрт тәрізді баллоншаны қолданыңыз;
- науқас тізе-шынтақ қалпында болуы қажет;
- майлы клизманы тұнде қою қажет.

СИФОН КЛИЗМАСЫН ҚОЮ

Мақсаты: ішектің жоғарғы бөлігіндегі ашыған, шіріген, шырышты, улы заттарды, нәжісті шығару және ішекті жуу.

Колдану көрсетілімдері: улану, тазарту, жібіту клизмаларынан әсері болмағанда және ішті айдайтын дәрілерді қабылдағанда, ішектің түйілуіне күдіктенгенде, ішекке операция жасағанда науқасты дайындау.

Карсы көрсетілімдер: ақазан немесе ішектен қан кеткенде, жуан ішек және анус аймағының жедел қабыну немесе ойық жара үдерісінде, тік ішектің қатерлі ісігінде, ас қорыту мүшелеріне операция жасағаннан кейінгі бірінші күндерде, анус аймағындағы сызатта немесе тік ішектің түсуінде, канаган геморройда.

Дайынданыз: залалсыздандырылған: сифон клизмасына арналған жүйені (жуан ақазан сұнгісі шыны түтік көмегімен резенке түтікке жалғастырылған), сыйымдылығы 1 литрге дейін шыны құйғышты, $20-22^{\circ}\text{C}$ температурасындағы 10-12 литр суды, сыйымдылығы 1 літр крушканы, суды ағызуга арналған шылапшынды, шпательді, қолғапты, салфеткаларды, клеенкалы алжапқышты, халатты, масканы, клеенканы, жаялышты, вазелинді, су термометрін, заарсыздандыру ертіндісі бар ыдысты, қауіпсіз жоюға арналған контейнерді.

Іс-әрекет алгоритмі:

- Науқасқа емшара барысы мен мақсатын түсіндіріңіз.
- Гигиеналық деңгейде қолды тазартыңыз, халатты, масканы, қолғапты, клеенкалы алжапқышты күніңіз.
- Күшетка үстіне клеенканы төсеп шылапшынга қарай салбыратыңыз, оның үстінен жаялышты жайыңыз, жуылған суды ағызу үшін шылапшынды қойыңыз. Науқасты керменемен қоршаңыз.
- Күшетканың шетіне науқасты сол жақ қырымен жатқызын, оның оң аяғы тізе буынынан бүгіліп ішіне қарай келтірілуі керек.
- Жүйені дайынданыз. Сұнгінің саңылаусыз ұшына 30-40 см ұзындығына вазелин майын жағыңыз.
- Сол колдың I және II саусактарымен бекселелерді ажыратып, ал оң қолмен абалап жеңіл айналмалы қозғалыспен сұнгінің саңылаусыз ұшын анус тесігіне енгізіп, оны тік ішекке қарай жылжытып, ең алғаш 3-4 см кіндік бағыты бойынша, сосын омыртқа жогасына қатарластыра отырып 30-40 см терендікке енгізіңіз.
- Резенкеге құйғышты жалғастырыңыз, құйғышты енкейткен қалыпта науқастың бексе деңгейінде ұстаныз.
- Дайындаған құйғышты 1 літр сумен толтырыңыз.
- Құйғыштың тар тубіне су барғанша (ішекке сумен бірге ауа кірмеуін қадағала), құйғышты жаймен жоғары көтеріңіз.
- Құйғышты күшетка деңгейінен төмен түсіріп, оны енкейте ұстаныз, құйғыш қайтадан аққан сүйықтықпен толғанша күтіңіз, ішіндегі сүйықтықты шылапшынға құйыңыз.
- Құйғышты қайтадан сумен толтырып, емшараны жуылған су таза болғанша бірнеше рет қайталаңыз.
- Құйғышты шығарып, ішекте қалған су агуы үшін резенке түтіктің сыртқы ұшын шылапшынға 10-20 минутка салып койыңыз.
- Сұнгіні ептеп шығарып алыңыз.
- Анус тесігі айналасын тазартыңыз.
- Сифон клизмасына арналған жүйені және құйғышты заарсыздандыру ертіндісіне салып койыңыз.
- Қолғапты, алжапқышты, халатты, масканы, салфеткаларды, қолғапты қауіпсіз жоюға арналған контейнерге салыңыз.
- Қолыңызды жуып, кептіріңіз.


РЕЗЕНКЕ АЛМҰРТ ТӘРІЗДІ БАЛЛОНША КӨМЕГІМЕН БОСАТУ (майлы, тұзды, дәрілік) КЛИЗМАЛАРЫН ҚОЮ

Мақсаты: тік ішек арқылы дәрі-дәрмектерді енгізу.

Дайындаңыз: залалсыздандырылған: ұштықты, алмұрт тәрізді баллоншаны (спринцовканы), колғапты, салфеткаларды, шпательді, вазелин майын, лотокті, тағайындалған ертіндіні (май, эмульсия, тұзды ерітінді), заарасыздандыру ерітіндісі бар ыдысты, қауіпсіз жоюға арналған контейнерді.

Іс-әрекет алгоритмі:

1. Науқаска емшара барысы мен мақсатын түсіндірің, оның келісімін алыңыз.
2. Гигиеналық деңгейде қолды тазартыңыз, қолғапты киіңіз.
3. Күшеткаға клеенканы, үстінен жаялықты төсөңіз.
4. Науқасты күшетканың шетіне сол жақ қырына қарай жатуын, іш бұлшық еттерін босату үшін тізelerін бүгіп, оларды ішіне қарай келтіруін сұраңыз.
5. Шпательді қолдана отырып, алмұрт тәрізді баллоншаның ұштығына вазелин майын жағыңыз.
6. Су моншасында $t=38^{\circ}\text{C}$ дейін жылтырып, даярланған ерітіндіні лотокқа құйыңыз.
7. Баллоншаны қысып, оナン ауаны шығарыңыз, баллоншаның ұштығын лотокқа салып, оны ашыңыз, баллоншага даярланған ерітіндіні сорып алып, оナン ауа қалдығын шығарыңыз.
8. Сол қолдың I және II саусақтарымен бөксені ажыратып, ал оң қолмен женіл айналмалы қозғалыспен етеп анал тесігіне енгізіңіз. Алмұрт тәрізді баллоншаның ұштығы 10-12 см терендікке енгізіледі.
9. Ақырын резенке алмұрт тәрізді баллоншаны қысып, дәрілік ерітіндіні енгізіңіз.
10. Сол қолмен алмұрт тәрізді баллоншаны ұстап отыра, оң қолмен оны «жоғарыдан төмен» бағытта, қалдық ерітіндіні тік ішекке қарай итере қысыңыз.
11. Анал тесігіне салфетканы ұстап отыра, етеп айналмалы қозғалыспен алмұрт тәрізді баллоншаның ұштығын тік ішектен шығарыңыз, теріні салфеткамен алдынан артына қарай бағытта сұртіңіз. (бұтаралыктан анал тесігіне қарай).
12. Науқастың бөкселерін тығыз қысыңыз, клеенка мен жаялықты жинап алыңыз.
13. Пайдаланған ұштықты заарасыздандыру ерітіндісі бар ыдысқа салыңыз.
14. Қолғапты шешіңіз. Қолғапты, салфеткаларды контейнерге салыңыз.
15. Қолыңызды жуып, құргатыңыз.



Тазалау клизмасын енгізу іс әрекетін енгізу
СД -202«Д»





ТАЗАРТУ КЛИЗМАСЫН ҚОЮ

Максаты: ішектің созылып-керіліп жиырылуын күшету және нәжісті жібіту арқылы жуан ішектің төменгі бөлігіндегі нәжістен және желден босату.

Қолдану қорсестілімдері: іш қату, улану, босанар және операция жасар алдында, дәрілік және майлыш клизмалар қою алдында, ас қорыту, зәр бөліну және кіші жамбас мушелерін рентгенологиялық, эндоскопиялық зерттеу алдында.

Қарсы қорсестілімдері: асқазан немесе ішектен қан кеткенде, жуан ішек және анус аймақтарының жедел қабыну немесе ойық жара үдересінде, тік ішектің катерлі ісігінде, ас қорыту мушелеріне операция жасағаннан кейінгі бірінші күндерде, анус аймағындағы сызатта немесе тік ішектің түсінде, канаган геморройда.

Дайындағыз: залалсыздандырылған: ұштықты, Эсмарх крушкасын, штативті, вазелинді, шпательді, қолғапты, мақта немесе дәке тамондарын, пинцетті, шылапашынды, дәрет ыдысын судно (егерде процедура палатада орындалатын болса), температурасы 20-22⁰С-дагы 1,5-2 литр суды, салфеткаларды, әжетханалық қағазды, су термометрін, клеенканы, жаялышты, клеенкалы алжапқышты, заарсыздандыру ертіндісі бар ыдысты. Қауіпсіз жоюға арналған контейнерді (КЖАК).

Iс-әрекет алгоритмі:

1. Науқасқа емшара барысы мен мақсатын түсіндіріңіз, оның келісімін алыңыз.
2. Науқасты көрмемен (ағаш рамаларға матаны керіп жапсырган капсырмалы шымылдық) қоршаңыз (егерде емшара палатада орындалса).
3. Халатты, масканы, клеенкалы алжапқышты киіңіз.
4. Гигиеналық деңгейде қолыңызды тазартыңыз, қолғапты киіңіз.
5. Эсмарх крушкасына 20-22⁰С температурасындағы 1,5-2 л суды құйып, қысқышты жабыңыз.
6. Науқастың дене деңгейінен 1 метр биіктік штативке кружканы іліңіз, оған ұштықты кигізіңіз, оның ұшына вазелин майын жағыңыз.
7. Резенке түтіктегі қысқышты ашып, аз мөлшерде суды шығарыңыз, онымен бірге ауа шығады, қысқышты жабыңыз.
8. Күшетка жанына еденге шылапашынды қойыңыз.
9. Күшетка үстіне клеенканы шылапашынға қарай салбыратып тәсесіз, оның үстінен жаялышты тәсесіз.
10. Күшетканың шетіне науқасты сол жақ қырымен жатқызып, оның оң аяғын тізе буынан бүгіп, кішкене ішіне қарай келтіріңіз, ал сол аяғы күшетка бойымен созылған болуы керек.
11. Сол қолдың I және II саусақтарымен бөкселерді ажыратып, ал оң қолмен абалап жеңіл айналмалы қозғалыспен ұштықты анус тесігіне енгізіп, оны тік ішекке қарай жылжытып, ең алғаш 3-4 см кіндік бағыты бойынша, сосын омыртқа жотасына қатарластыра отырып 8-10 см терендікке енгізіңіз.
12. Қысқышты ашып, су ішекке ақырын ене бастағанда науқасты ішпен терең дем алуын сұраныз (егерде су ішекке түспесе, онда крушканы жоғары көтеріп, ұштықтың қалпын өзгертіңіз), ішекке судың жылдам түсуі ауыр сезінуді болдырады, егерде нәтижесі болмаса, ұштықты шығарып алып, ауыстырыңыз.
13. Су ішекке енгеннен кейін (ішекке ауа түспес үшін, крушканың тар түбінде су қалуы керек) қысқышты жауып, ептеп айналмалы қозғалыспен ұштықты шығарып алыңыз.
14. Науқасты шалқасынан жатуын, тереңірек дем алуын және нәжісті жақсы сұйылту үшін 5-10 минуттай суды ішекте ұстаудың сұраныз.
15. Егерде емшара палатада орындалса, науқасқа дәрет ыдысын (судноны) беріңіз немесе унитазға дейін апарыңыз.
16. Анус тесігінің айналасын тазартыңыз.
17. Қолданылған ұштықты ыдыстағы заарсыздандыру ертіндісіне салыңыз.
18. Клеенкалы алжапқышты, халатты, қолғапты, масканы шешіңіз.

19. Қолыңызды жуып, кептіріңіз. Салфеткаларды, қолгапты қауіпсіз жоюға арналған контейнерге салыңыз.

Ескерту:

- тазарту клизмасы нәтижелі болғанын санауға болады: егерде 5-10 минут аралығында сумен бірге мол нәжіс көп мөлшердегі желмен (газбен) бөлініп шығады;
- агониялық іш қатуда судың температурасы 12-20⁰C-дан төмен болмауы қажет, ал спастикалық – жоғары (37-42⁰C-қа дейін), іш қатуда – 20-25⁰C;
- егерде наукас нәжісі аз мөлшерде гек сумен ішекті босатса, онда науқасты дәрігер қараганнан кейін клизманы қайтадан қайталау қажет.



Такырыбы: Катетер Фолея


Алматы 2016

Катетер Фолей -
Күйктан зэр шығару
Ушін пайдаланылатын
резенке түтік, шығып
кетпес ушін үш
жағында баллоны бар





APEX MED

Қатты
металлдан



Жұмсақ(резина
дан , плас.мат.)






Катетерді енгізу әдісі – катетеризация
деп аталаңы .

Максаты :

Күйктағы несепті
дер кезінде шығару ,
табиғи қалыпты
несеп шығаруды
қайта қалыпта
кеңтіру , күйкты жуу



Қолдану көрсетілімдері



Жедел және созылмалы зәр белінудің токтауы, құбыты жуу және оған дәрілік ерітінділер енгізу, оптерциядан кейінгі кезең, эндоскопиялық зерттеу алдында, клиникалық және бактериологиялық зерттеуге зәр алу, қалдық зәрді алу.

Катетер Фолеяны әйел адамға енгізу іс әрекеті

СД -203«Д»





ӘЙЕЛДЕРДІҢ ҚЫҰҒЫН КАТЕТЕРЛЕУ

Мақсаты: Қуыктагы несепті дер кезінде шыгару, кейіннен калыпты табиги несеп шыгаруды қайта қалпына келтіру, қуыкты жуу.

Қолдану корсетілімдері: жедел және созылмалы зәр болінудің токтауы, қуыкты жуу және оған дәрілік, рентгенконтрастық ертінділерді енгізу, несептік және жыныс жүйелеріне операциядан кейінгі кезең, зәр боліну мүшелерін эндоскопиялық зерттеу алдында, клиникалық және бактериологиялық зерттеуге зәрді алу, қалдық зәрді анықтау.

Қарсы корсетілімдері: уретраның (үрпінің) жарылуы, жедел уретрит, простатит, эпидидимит, гематурия, зәр шыгару каналының тарылуы, простата ісігі, зәр шыгару каналының жедел қабынуы.

Асқынұлар: уретралды қызба, уретраның, қуыктын шырышты қабығының зақымдануы, асептика ережесін сақтамағанды жүкпалы ауруларды енгізу.

Дайындаңыз: залалсыздандырылған катетерді. 2 дана анатомиялық пинцеттерді, корнцанті, лотокты, салфеткаларды. 2 дана қолганты, вазелин майын, 1:5000 фурацилин ертіндісін, несеп жинайтын ыдысты, заарасыздандыру ертіндісі бар ыдысты, астына төсейтін клеенканы, жаялышты, кермені, науқастың жыныс мүшелерін жууга арналған құрал-жабдықтарды, қауіпсіз жоюга арналған контейнерді.

Іс-әрекет алгоритмі:

1. Науқаспен өз-ара сенімді қарым-қатынасты орнатыңыз.
2. Науқаска емшаарының мақсаты мен барысын түсіндіріп, оның келісімін алыңыз.
3. Науқасты кермемен оңашалаңыз.
4. Науқасты арқасына жатқызыңыз: тізесінен бүгілген екі аяғын жан-жакқа аздал қана ажыратқан.
5. Бөксе астына клеенканы, оның үстінен жаялышты төсөніз. Судноны беріңіз.
6. Гигиеналық деңгейде қолды тазартыңыз, оларды 70% спиртте суландырылған мақта шариктерімен өндөніз, тырнақ пластинкаларын 1% спирттегін йод ертіндісімен тазартыңыз. Қолганты киіңіз.
7. Науқастың жыныс мүшелерін жууга арналған құрал-жабдықтарды дайындаңыз (кара: халі ауыр әйелдердің жыныс мүшесін жуу іс-әрекетін) жүргізіңіз.
8. Катетерлеуге қажетті құрал-жабдықтарды дайындаңыз.
9. Залалсыздандырылған қолганты киіңіз.
10. Сол қолдың I және II саусактарымен үлкен және кіші жыныс еріндерін ажыратыңыз, зәр шығаратын тұтіктің сыртқы тесігін аныңыз.
11. Фурацилин ертіндісіне суландырылған дәке салфеткасын пинцетпен алып, он колыңызға ұстаңыз.
12. Несеп шығатын тесікті антисептикалық ертіндімен тазалаңыз, кіші жыныс еріндерінің арасын жоғарыдан темен қарай кимыл жасап жуыңыз.
13. Дәке салфеткасын ауыстырып, фурацилин ертіндісімен суландырылған дәке салфеткасын несеп шығатын каналдың тесігіне 1 минуттай басып ұстаңыз.
14. Қолданылған дәке салфеткаларын қауіпсіз жоюга арналған контейнерге, пинцетті заарасыздандыру ертіндісі бар ыдыска салыңыз. Пинцетті ауыстырыңыз.
15. Оң қолдағы пинцетпен жұмсак резенке катетердің тұмысык (домалак бітей) үшінан 7-8 см қашықтықта қаламсап сияқты қылыш ұстаңыз.
16. Катетердің сыртқы үшін алакан үстінен айналдырып алып, оң қолдың IV-ші, V-ші саусактарының арасына қысып ұстаңыз.
17. Катетердің тұйық жағына залалсыздандырылған вазелин майын «құю» әдісімен құйыңыз.
18. Сол қолмен жыныс еріндерін ажыратып, оң қолмен абалап катетерді несеп шығатын каналға 4-6 см ұзындықка несеп шыққанша сингізіңіз.

19. Катетердің бос ұшын зәр жинайтын ыдыска салыңыз.
20. Пинцетті заарсыздандыру ертіндісіне салыңыз.
21. Зәр болінуі аяқталғаннан бұрын катетерді шыгарыңыз, сол касағаның үстінен іштің алдыңғы бетін қолыңызбен басыңыз. Катетерден шыгарғаннан сон зәр ағымы зәр шыгаратын каналды жуады (несең жолын табиги жолмен шайыш отелі).
22. Заарсыздандыру ертіндісі бар ыдыска катетерді салыңыз.
23. Қолганты шешіңіз. Қолганты, сұрткілерді мақта шариктерін қауіпсіз жоюға арналған контейнерге салыңыз.
24. Қолыңызды жуыш, көптіріңіз.
25. Наукасқа физикалық және психикалық тыныштықты қамтамасыз етіңіз.

Тізесінен буттілген екі аяғын
ажырату.

Жыныс
мүшесін жуу іс
өрекетін
жүргізу .

Аспептика ережесін сактау: қолды
тазарту, конрап кипті ,керекті
жабдықтар дайындау .

Астына
клеенка
тесеп,
жаялық
тесеу.
судна
беру.









Қарсы көрсетілмдері

Урпінің жарылтуы ,
простатит , гематурия ,
зэр шығару каналының
тарылтуы , простата
icігі , зэр шығару
каналының жедел
қабынуы .



Асқышнұлар



Уретральді қызба, күштің шырышты
қабығының зақымдануы, асептика ережесін
сақтамаңда жүргілдапты ауруларды енгізу.